«Бекітілді»
«Зере» бөбекжай-балабақшасы
меңгерушісі: Қузенбаева У.Б
02.09 2025 ж.

**«Зере» бөбекжай - балабақшасының**
**10 топтағы ата-аналар жиналысы**
**2025-2026 оқу жылы**

| № | Тақырыптары | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | 1.«Бала тәрбиесіндегі әкенің ролі» баяндама<br>2.«Бала тілі - бал» пікірталас<br>3.Психолог кеңесі «Баланыз балабақшаға қандай көңіл-күйде келеді?»<br>4.Медбике кеңесі | Қыркүйек | Тәрбиешілер<br><br>Психолог<br>медбике |
| 2 | 1.Ата-аналармен балалардың бірлескен көрмесі «Қысқызығы»<br>2. «Тілектер күні» күні<br>3.Психолог кеңесі «Бала жағымсыз әрекетті қайдан үйренеді?»<br>4. Медбике кеңесі «Ковидтен сақтану жолдары» | Желтоқсан | Тәрбиешілер<br><br>Психолог<br>медбике |
| 3 | 1.«Ұрпақ тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» кеңес<br>2.«Ата-аналарға арналған 10 кеңес» кеңес<br>3.Психолог кеңесі «Баланы үйде оқытуды қалай ұйымдастыруға және үрейге ұшырамауға болады»<br>4.Медбике кеңесі «Тазалық-Денсаулық кепілі» | Наурыз | Тәрбиешілер<br><br>Психолог<br>медбике |
| 4 | 1.Ата-аналарды жазғы маусымның шынықтыру жұмыстарымен таныстыру.<br>2.Білім көрсеткіш мониторингтерімен таныстыру<br>3. «Бала дамуында, тәрбиелеу кезінде күн тәртібінің маңызы» кеңес<br>4.Медбике кеңесі «Иммунетті көтеру кезеңдері?» | Мамыр | Тәрбиешілер<br><br>Психолог<br>медбике |

**«Зере» бөбекжай-балабақшасы**

**«Еркеназ» кіші тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы №1**

**Күні:25.09.25**

**Қатыскан ата аналар саны:14**

**Қатыспағандар саны:15**

**Күн тәртібінде:**

**1.Ата аналарды жаңа оқу жылының мақсаттарымен таныстыру және ата -ана комитетін сайлау**

**2. «Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі» баяндама**

**3.«Алтын күз» мерекесіне дайындық.**

Ата- аналар жиналысының сөз кезегін балабақшамыздың медбикесі

Маржангүл Кулановна алды. Бала денсаулығы туралы айтып екпені уакытылы алуларын ескертті ,және балабақаның ас мәзірі туралы ата аналарға толық мағлұматтар берді.

Бірінші мәселе бойынша тәрбиеші Есбосынова Ақмерей жана оқу жылының мақсаттарымен таныстырып өтті. Балалармен мектепке дейінгі білім беру стандарты бойынша жұмыстар атқарылатынын атап өтті.Тәрбиеші ата-аналар комитетін сайлауға ұсыныс тастады. Ата -аналар сөз кезегін алып Сейлиханова Газиза Элибаевна

сайлауға ұсыныс тастады.Мүшелері:

Кожахметова Гүлжанар мен Будурбаева Алина ата-ана комитетінін мүшесі болып сайланды. Ата -аналар бір ауыздан келісіп сайлады.

Екінші мәселе бойынша тәрбиеші Сақтапбергенова Ә.А баяндама оқылды, ең алдымен баланың жеке басы мен оның айналасындағы адамдар арасында болатын карым -катнаска шақырулар болып табылады.

Үшінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Есбосынова Ақмерей «Алтын күз» ертенгілігін өткізу мәселесін ортаға салды.Балаларды күзгі балға керекті заттармен қамтамасыз етуін талап етті.Балалардың тазалығын балабақшадан

себепсіз калдырмай, кешікпей келуін , төлем ақысын уақытылы төлеуін айтып өтті.

**Шешім:**

1.2025- 2026 оқу жылының іс -жоспары және мақсаттары қанағаттандырылсын. Жауаптылыр:Есбосынова Ақмерей

Сақтапбергенова Ә.А

2.Ата -аналар комитетінің төрағасы: Сейлиханова Газиза Элибаевна ,мүшелері болып Кожахметова Гүлжанар мен Будурбаева Алина сайлансын.Жауаптылар :ата -аналар комитетінің төрайымы мен мүшелері

3.Баяндама бір ауыздан мақұлдансын.

4«Еркеназ» тобындағы ата -аналар жиналысы каралған мәселелерді бір ауыздан мақұлдады.

Жауаптылар :барлық ата -аналар мен топ тәрбиешілері.

**Жиналыс төрайымы:** **Есбосынова А.С**

**Хатшы :** **Сақтапбергенова Ә.А**

# "Еркеназ" тобы ата-аналар жиналысы







Ата-аналар жиналысының хаттамасы № 2

Күні: 11.12.2025ж.

«Еркеназ» тобындағы ата - ана жиналысының хаттамасы.

Қатысқандар:10 Қатыспағандар:15

1. Сәлемдесу

2.Тазалық

3.Баяндама

4.Жаңа-жылдық ертеңгілік

5.Сұрақ-жауап

Ата-аналармен ойын түрінде,сәлемдесу. Билеп кіру,әр ата-ана өз баласының бас әрпін айтып,еркелету.

Ата-аналарға балалардың тазалығын сақтау жайында айтылды.

Ата-аналарға «Балабақша және ата-ана» баяндама оқылды.

Бала естігенін айтады, көргенін істейді» - деп қазақ халқы бекер айтпаған. Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы зор. Кішкентай сәбилеріміз ата - анасының, тәрбиешісінің, достарының мінезінен, жүріс - тұрысынан, сөйлеген сөзінен, істеген ісінен үлгі алуға тырысады. Бала бойына адамгершілік қасиеттерді ойын, салт - дәстүр, мақал - мәтелдер, ертегілер, жұмбақтар, айтыс өлеңдер арқылы сіңіру ата - ана мен тәрбиешілердің басты міндеті.
Ертегінің тәрбиелік мәні зор. Ол сәбидің қиялына қанат бітіріп, бойындағы игі қасиеттердің қалыптасуына жол бастайды. Мысалы «Шалқан» ертегісін тыңдап болған соң, балалар шалқанды көптің көмегімен жұлып алғанын білді. Ал, «Ақмышым» ертегісін тыңдап болып, кішкентай бүлдіршіндер қамқорлық, мейірімділік сезімдерімен таныстық. Адамгершілік дүниесіндегі ұрпақтан - ұрпаққа жалғасып келе жатқан қымбат қазыналарымыздың бірі – бесік жыры, мақал - мәтелдер болып келеді. Сәбилер «бесік жырын» тыңдай отырып, ананың бесік жырымен, әлдиімен, өзінің туған тілінің әуенінен тұңғыш рет нәр алады. Мақал - мәтелдер арқылы кішкентай бүлдіршіндеріміздің қайырымдылық, ілтипат сезімдерін арттырамыз, адамгершілік сезімдерін оятамыз. «Үлкенге – құрмет, кішіге - ізет» деген мақал – мәтел арқылы бала бойына үлкенді құрметтеу, қамқорлық сезімдерін туғызамыз.
Балаларды еңбек сүйгіштікке баулу арқылы, адамгершілік, эстетикалық қасиеттерін дамытуға болады.

Жаңа жылдық ертеңгілікке қандай киімдер,сыйлықтар берілетіні айтылды.

Ата-аналар балаларына қатысты жеке сұрақтар қойып,өз жауаптарын алды.









**«Зере» бөбекжай-балабақшасы**
**«Еркеназ» кіші тобының ата-аналар жиналысының №3 хаттамасы**

Өткізілген күні: 12.03.2026 ж.
Өткізілген орны: «Еркеназ» кіші тобы
Қатысқандар: 12 ата-ана
Тәрбиешілер: Есбосынова Ақмерей, Сақтапбергенова Әсем

КҮН ТӘРТІБІ:
1. «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» тақырыбындағы кеңес.
2. «Ата-аналарға арналған 10 кеңес».
3. Психолог кеңесі: «Баланы үйде оқытуды қалай ұйымдастыруға және үрейге ушырамауға болады».
4. Медбике кеңесі: «Тазалық – денсаулық кепілі».

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша:
Тәрбиеші Есбосынова Ақмерей бала тәрбиесінің негізі отбасында қаланатынын атап өтті. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу, үлкенді құрметтеу, кішіге қамқор болу, ана тілін құрметтеу сияқты қасиеттерді бала бойына сіңірудің маңыздылығын түсіндірді.

Тәрбиеші Сақтапбергенова Әсем ата-аналарға баламен дұрыс қарым-қатынас жасау, оның пікірін тыңдау, жетістіктерін мадақтау, күн тәртібін сақтау, кітап оқуға қызығушылығын арттыру және қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде кеңестер берді.

2-мәселе бойынша:
Психолог Турғанбаева Жайнагүл баланы үйде оқыту барысында сабырлы атмосфера қалыптастыру, оқу мен демалыс уақытын дұрыс ұйымдастыру, баланың психологиялық жай-күйін бақылау туралы айтты. Сонымен қатар баланы артық жүктемей, оның жас ерекшелігін ескерудің маңыздылығына тоқталды.

3-мәселе бойынша:
Медбике Алинова Маржангүл балалардың денсаулығын сақтау үшін тазалықтың маңызы зор екенін айтты. Қол жуу ережелері, жеке бас гигиенасы, дұрыс тамақтану, бөлмені таза ұстау және аурудың алдын алу шаралары жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:
1. Балаларға ұлттық тәрбие беру жұмыстарын отбасы мен балабақша бірлесе

жүргізсін.
2. Ата-аналар бала тәрбиесіне байланысты ұсынылған кеңестерді күнделікті өмірде қолдансын.
3. Баланың үй жағдайындағы оқу әрекеті жас ерекшелігіне сай ұйымдастырылсын.
4. Балалардың психологиялық жай-күйіне көңіл бөлініп, қолайлы орта қалыптастырылсын.
5. Балалардың жеке бас гигиенасы мен тазалығын сақтау тұрақты бақылауда болсын.
6. Медбике мен психологтың ұсыныстары ата-аналар тарапынан орындалсын.

Тәрбиеші: _____ Есбосынова Ақмерей

Тәрбиеші: _____ Сақтапбергенова Әсем



**«Зере» бөбекжай-балабақшасы**
**«Еркеназ» кіші тобының ата-аналар жиналысының №4 хаттамасы**

Өткізілген күні: 28 .05.2026 ж.
Өткізілген орны: «Еркеназ» кіші тобы
Қатысқандар: 9 ата-ана
Тәрбиешілер: Есбосынова Ақмерей, Сақтапбергенова Әсем

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Ата-аналарды жазғы маусымның шынықтыру жұмыстарымен таныстыру.
2. Балалардың білім көрсеткіштері мониторингімен таныстыру.
3. «Бала дамуын тәрбиелеу кезінде күн тәртібінің маңызы» тақырыбындағы кеңес.
4. Медбике кеңесі: «Иммунитетті көтеру кезеңдері».

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша:

Тәрбиеші Есбосынова Ақмерей ата-аналарды жазғы сауықтыру және шынықтыру жұмыстарының жоспарымен таныстырды. Жаз мезгілінде таза ауада серуендеу, қимылды ойындар ұйымдастыру, күн және ауа ванналарын қабылдау, су процедураларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту жұмыстары жүргізілетіні туралы ақпарат берді.

2-мәселе бойынша:

Тәрбиеші Сақтапбергенова Әсем балалардың жыл соңындағы білім көрсеткіштері мониторингінің қорытындысымен таныстырды. Балалардың танымдық, тілдік, әлеуметтік және шығармашылық даму деңгейлері сараланып, әр баланың жетістіктері атап өтілді. Ата-аналарға жаз мезгілінде балалардың алған білімдерін бекіту бойынша ұсыныстар берілді.

3-мәселе бойынша:

Тәрбиеші Есбосынова Ақмерей «Бала дамуын тәрбиелеу кезінде күн тәртібінің маңызы» тақырыбында кеңес өткізді. Баланың дұрыс ұйқысы, уақытылы тамақтануы, демалысы мен ойын әрекеттерінің үйлесімді ұйымдастырылуы оның денсаулығы мен жан-жақты дамуына оң әсер ететіні түсіндірілді.

4-мәселе бойынша:

Медбике Алинова Маржангүл «Иммунитетті көтеру кезеңдері» тақырыбында баяндама жасап, балалардың иммундық жүйесін нығайту жолдары туралы айтты. Дұрыс тамақтану, дәрумендерге бай тағамдарды пайдалану, таза ауада серуендеу, дене белсенділігі, жеке бас гигиенасын сақтау және уақытылы медициналық тексеруден өтудің маңызы түсіндірілді.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Жазғы сауықтыру және шынықтыру жұмыстары балабақша мен отбасы бірлесіп жүргізілсін.
2. Балалардың білім деңгейін дамыту бойынша ата-аналар ұсынылған жұмыстарды үй жағдайында жалғастырсын.
3. Балалардың күн тәртібін сақтау ата-аналардың тұрақты бақылауында болсын.
4. Балалардың иммунитетін нығайту мақсатында медбике ұсынған кеңестер басшылыққа алынсын.
5. Балалардың денсаулығын сақтау мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары күшейтілсін.

Тәрбиеші: _____ Есбосынова Ақмерей

Тәрбиеші: _____ Сақтапбергенова Әсем

